

# ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ

## ШЫҢЖАҢДА ЖОҒАЛЫП, ЗАҢСЫЗ ҚАМАЛҒАН

Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы (Шыңжаң) 48 адам лагерлерге қамауға алынды не оларға әділ сотсыз үкім шығарылды. Олар «Шыңжаңдағы тұтқындарды босату» науқанының жалпы саны 120 адамға жететін тізімге кіргізілді. Бұл істер 2017 жылдан бері аймақта ұсталған 1 миллион немесе одан да көп ерлер мен әйелдердің өкілі болып табылады. Қытай үкіметі саналы және мақсатты түрде негізінен ұйғырларды, қазақтарды және Шыңжаңдағы басқа да мұсылман этникалық саны аз топтардың өкілдерін нысанаға алды, оның ішінде жаппай ұстау және азаптау және басқа да қатыгездікпен қарау науқанын жүргізу арқылы. Қытай билігі Шыңжаңдағы лагерлер мен түрмелерде озбырлықпен ұсталған барлық адамдарды дереу босатуы керек.

### ӘРЕКЕТ ЖАСА: ӨЗ СӨЗІҢІЗБЕН ҮНДЕУ ЖАЗЫҢЫЗ НЕ ОСЫ ҮЛГІНІ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

Қытай Халық Республикасының Президенті

Си Цзиньпиньге

Zhongnanhai

Xichangan'jie Xichengqu, Бейжің 100017

Қытай Халық Республикасы

Факс: +86 10 6238 1025

E-мейл: english@mail.gov.cn

Қытайша:

北京市西城区西长安街街道 100017

Құрметті Президент Си Цзиньпинь:

Шыңжаңда негізінен мұсылман этникалық топтарға жататын 120 адамды лагерлерге қамауға алып, оларға әділ сотсыз үкім шығарғанын және түрмеге жіберілгенін білгенде, қатты қыңжылдым. Бұл істер 2017 жылдан бері Қытай үкіметі Шыңжаңда 1 миллион немесе одан да көп ерлер мен әйелдерді қамауға отырғанын көрсетеді.

[“Біз соғыстағы жау сияқты болдық”](#) атты Amnesty International ұйымының баяндамасында жиналған дәлелдерге сүйене отырып, Қытай үкіметі Шыңжаңда кем дегенде адамзатқа қарсы түрмеге қамау, азаптау және қудалау қылмыстарын жасағаны белгілі. Көпшілігіміз өмір сүру, саяхаттау, шетелде оқу, шетелдегі адамдармен қарым-қатынаста болу, Құран оқу немесе діни киім кию сияқты заңды әрекеттер ұсталғандарды лагерге немесе түрмеге жіберуге себеп болуы мүмкін деп саналады. Онда олар тоқтаусыз мәжбүрлеу науқаны, физикалық және психологиялық азаптау мен қатыгездіктің басқа да түрлеріне ұшырайды.

Шетелде тұратын отбасы мүшелері көптеген жылдар бойы хабарсыз кеткен жақындарымен байланысудан күдері үзді. Олардың шарасыздығына таңдаған адвокатқа қол жеткізе алмай, қамауға алынған адамдардың азаптау немесе қатыгездікке ұшырау қаупіне одан сайын ұшырайтындары тағы үлесін қосады.

Сондықтан мен сізді:

- Шыңжаңдағы тұтқындау лагерлері мен түрмелерде ұсталған барлық адамдарды, егер олардың халықаралық деңгейде мойындалған қылмыс жасағаны туралы жеткілікті, сенімді және қабылдауға жататын дәлелдер болмаса, дереу босатуды.
- Бостандыққа шыққанша олардың тұрған жерін ашып көрсету, олардың отбасымен және өз таңдауы бойынша адвокатпен кездесуіне рұқсат беру және олардың азаптау мен басқа да қатыгездікке ұшырамауын қамтамасыз етуге шақырамын.

Құрметпен,

## ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Шыңжаң – Қытайдағы этникалық жағынан әр түрлі аймақтардың бірі. 22 миллион адам тұратын аймақ халқының жартысынан астамы негізінен түркі және негізінен мұсылман этникалық топтарға жатады, оның ішінде ұйғырлар (шамамен 11,3 миллион), қазақтар (шамамен 1,6 миллион) және тілдері, мәдениеттері мен өмір салты басқа халықтардан ерекшеленетін басқа да халықтар. «Ішкі» Қытайдың басым бөлігін құрайтын ханьдар.

2017 жылдан бері Қытай үкіметі «терроризм» және «діни экстремизмге» қарсы науқанды желеу етіп, Шыңжаңда тұратын мұсылмандарға жаппай және жүйелі түрде қиянат жасауда. 2017 жылдан бері Шыңжаңның түкпір-түкпіріндегі лагерьлерде миллионнан астам адам еріксіз қамауға алынған деп есептеледі.

[“Біз соғыстағы жау сияқты болдық”: Қытайдың Шыңжаңдағы мұсылмандарды жаппай қамау, азаптау және қудалауы](#) баяндамасы Шыңжаңдағы ұйғырлар, қазақтар және басқа да басым мұсылмандық этникалық саны аз топтар ұшыраған жантүршігерлік репрессия туралы бүгінгі күнге дейінгі ең жан-жақты мәлімет. Amnesty International жинаған дәлелдер Қытай үкіметі кем дегенде түрмеге қамау, азаптау және қудалау адамзатқа қарсы қылмыстарын жасады деген қорытындыға нақты негіз береді.

Қытай билігі 2018 жылдың қазан айында лагерьлер ерікті, ақысыз «кәсіптік оқыту» орталықтары ретінде сипаттай бастағанға дейін бар болғанын жоққа шығарды. Алайда Қытайдың түсіндірмесі бұрынғы тұтқындардан жиналған ұрып-соғу, тамақтан айыру және жалғыз қамақта ұстау туралы көптеген куәліктерді есепке алмайды.

2019 жылы Қытай үкіметі лагерьлерді жауып тастадық деп мәлімдеді, бірақ журналистер, адам құқықтарын зерттеушілер мен дипломаттарға ешқандай дәлел немесе кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етпеді. Оның орнына Қытай үкіметі өртүрлі елдердің делегацияларын Шыңжаңға мұқият ұйымдастырылып, бақыланатын сапарларға шақыру арқылы сынауды бәсеңдетуге күш салды. Соңғы мысал – БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссарының 2022 жылғы мамырында [Қытайға сапары](#).

Туыстары заңсыз қамауда отырғандардың бірі Амнистияға: «Олар [Қытай билігі] бақытты ұйғырды, билейтін ұйғырды көрсеткісі келеді. Менің ойымша, [БҰҰ] тергеу тобы нақты жағдайды ... зерттеу үшін бар күшін салу керек».

Amnesty International [Шыңжаң тұтқындарын босату](#) халықаралық науқанын бастап, төрт айға жетпейтін уақыт ішінде Шыңжаңдағы тұтқындау лагерьлерін жабуды және тұтқындау лагерьлері мен түрмеде заңсыз ұсталғандардың бәрін босатуды талап еткен петицияға 320 мыңнан астам қол жинады.

Қытай үкіметі қалған тұтқындау лагерьлердің бәрін дереу жауып, Шыңжаңдағы тұтқындау лагерьлерінде немесе басқа ұстау орындарында, соның ішінде түрмелерде ұсталған барлық адамдарды, егер олардың халықаралық мойындалған құқық бұзушылық жасағаны туралы жеткілікті сенімді және қабылдауға жататын дәлелдер болмаса, босатуы тиіс.

Amnesty International сондай-ақ БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссарын 2022 жылдың тамызында өкілеттігі аяқталмай тұрып, Шыңжаң туралы көптен күткен баяндамасын жариялауға және Шыңжаңдағы адам құқықтары бұзылуының ауқымы мен ауырлығын көпшілік алдында мойындауға шақырады.

Ақырында, Адам құқықтары жөніндегі Кеңес жауапкершілікті қамтамасыз ету, соның ішінде кінәлілерді анықтау үшін Шыңжаңдағы қылмыстарды халықаралық құқық бойынша тергеудің тәуелсіз халықаралық механизмін құруы керек.

**МАҚСАТҚА ЖЕТУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТІЛ:** Қытай, Ағылшын  
Өз тіліңізде де жаза аласыз.

**2022 ж. 23 қыркүйекке ДЕЙІН МҮМКІНДІГІНШЕ ТЕЗ ӘРЕКЕТ ЖАСАҢЫЗ**

Please check with the Amnesty office in your country if you wish to send appeals after the deadline.

**АТЫ-ЖӨНІ ЖӘНЕ АТАЛУЫ:** [Топ] (олар/оларға)

**БҰРЫНҒЫ ЖӘ СІЛТЕМЕСІ:** <https://www.amnesty.org/en/documents/ASA17/4243/2021/en/>